Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш.Ж. Мұқанның 2022 жылдың қыркүйек- қазан айларында өткізілетін мерекелік іс-шаралар жоспарына, қаралаған қаржыларына өзгерістер енгізу жобасын талқылау жөніндегі өткізілген жиналысының

№20 ХАТТАМАСЫ

Шымкент қ. « » қыркүйек 2022 жыл

Төраға: Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары - Ш.Ж. Мұқан

Қатысқандар:

1. Шымкент қаласының мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы - м.у.а Д. Жүнісов.
2. Шымкент қаласының мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасының мәдениет және тарихи-мәдени мұраны сақтау бөлімінің басшысы - Б.Орынтаев.
3. «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК-ның директор м.а. - С.Е. Лесбаев.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: «Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының 2022 жылға жоспарланған іс-шаралардың қаржыларын нақтылау, қосымша іс-шараларды енгізу және жоспарлау сметасына өзгерістер енгізу».

2. «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК-ның директор м.а. - С.Е. Лесбаев. Алдағы іс- шараларды ауқымды және жоспарлы ұйымдастыру мақсатында іс-шара жоспарына қаржылық нақтылау жасап, туындаған қажеттіліктерге орай қосымша іс-шараларды жоспарға енгізуді ұсынамын. *Атап өтетін болсақ*:

- Үстіміздегі жылы 28 қыркүйекте қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері - **Мұхтар Омарханұлы Әуезов** туылғанына 125 жыл толады. Қазақтың біртуар азаматының мерейлі мерекесі қарсаңында елімізге танымал тұлғалар мен өнер майталмандарының қаламызға іс- сапарлары жоспарланып отыр екен. Жеке тоқталып өтетін болсақ, Алматы қаласындағы М. О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының Шымкент қаласына іс- сапарын ұйымдастыру көзделіп отыр.

Осыған орай 2022 жылдың - маусым айындағы «Туған күніңмен-Шымкент» іс-шарасына қаралған - *18 554* мың теңгеден қаржы қысқартылып, ***«М. О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының Шымкент қаласына іс- сапарын***

ұйымдастыруға» арналған іс- шараны өткізуге – *8 000,0* мың теңге қаржы тарту мәселесі қарастырылып, жалпы соммасы *8000,0 мың тг. қаражат қажет болып отыр*;

•ҚР еңбек сіңірген әртісі, өнертану профессоры Кенжеғали Мыржықбайдың «Абай және Мұхтар»- атты дәріс концертін Шымкент қаласында өткізілуіне орай іс- сапар шығындарымен қатар қаламақы, қонақ кәде, сый -құрмет шығындарын қарастыру мәселесі орын алып отыр.

Осыған орай 2022 жылдың - маусым айындағы «Туған күніңмен-Шымкент» іс-шарасына қаралған - *18 554* мың теңгеден қаржы қысқартылып, «Өнертанушы, профессор Кенжеғали Мыржықбайдың «Абай және Мұхтар»- атты дәріс концертін ұйымдастыру**ға»** арналған іс- шараны өткізуге – *1 500,0* мың теңге қаржы тарту мәселесі қарастырылып, жалпы соммасы *-1500,0 мың тг. қаражат қажет болып отыр*;

•«ҚР еңбек сіңірген әртісі, Халықаралық Абай атындағы орден иегері Әкім Ұлбосын Тәжібайқызының» авторлық шығармашылық кешіне арналған салтанатты іс-шараны қазан айының 2-ші жұлдызында ұйымдастыру жоспарлануда.

Осыған орай 2022 жылдың - маусым айындағы «Туған күніңмен-Шымкент» іс-шарасына қаралған - *18 554* мың теңгеден қаржы қысқартылып, «ҚР еңбек сіңірген әртісі, Халықаралық Абай атындағы орден иегері Әкім Ұлбосын Тәжібайқызының» авторлық шығармашылық кешіне» арналған іс- шараны өткізуге – *3000,0* мың теңге қаржы тарту мәселесі қарастырылып, жалпы соммасы *-3000,0 мың тг. қаражат қажет болып отыр*;

• Қазақстан музыка қайраткерлері Одағының мүшесі, Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері, композитор Қалдыбек Құрманәлінің «Ән аға немесе Шәмшімен сырласу» атты шығармашылық ән кешіне арналған салтанатты іс-шараны қазан айында ұйымдастыру көзделіп отыр. Осыған орай 2022 жылдың - маусым айында өткен «Туған күніңмен-Шымкент» іс-шарасына қаралған - *18 554* мың теңгеден қалған *6054* мың теңге, ал «Шуақты қалам Шымкентім» іс-шарасына қаралған - *51590* мың теңгеден – *8 946* мың теңге қаржы қысқартылып, Қалдыбек Құрманәлінің «Ән аға немесе Шәмшімен сырласу» атты шығармашылық ән кешін ұйымдастыруға арналған іс- шараны өткізуге – *6 054* мың теңге және *8 946* мың теңге қаржы тарту мәселесі қарастырылып, жалпы соммасы - *15 000,0 мың тг. қаражат қажет болып отыр*;

•Бесқару қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды белгілейтін, патшалық биліктің, жоғары дәрежелі әскери лауазымдардыц дәреже белгісін білдіретін символдық атрибуттар ретінде қолданылды. Дәстүрлі қоғамда бесқару атадан балаға мұра болып қалатын киелі мүлік, түрлі әлеуметтік

байланыстардың, мемлекетаралық, руаралық, әлеуметтік жіктер өкілдерінің арасындағы қатынастардың деңгейін белгілейтін белгі және қалыңмал, киіт сияқты ғұрыптық сый-тартулардың құрамындағы ең бағалы зат болып саналады. **Бесқару** - қазақтың дәстүрлі жауынгерлік қаруларының толық кешені. Байырғы ортада «Ер қаруы - бесқаруға» өзіндік жұмсау тәсілімен ерекшеленетін ату қаруын (садақ, оқ), түйреу қаруын (найза, сүңгі), кесу қаруын (қылыш семсер, сапы), соғу қаруын (шоқпар, гүрзі), шабу қаруын (балта, айбалта, шақан) жатқызады. Қарулардың бұл бес тобы көшпенді қоғамда біздің заманымыздың I мыңжылдықта пайда болған. Дәстүрлі ортада XIX ғасырға дейін қолданылып келді. Ер қаруларын дәріптеу мақсатында «**Бесқару**»- мерекелік іс- шарасын ұйымдастыру көзделіп отыр. Осыған орай 2022 жылдың - маусым «Шуақты қалам Шымкентім» іс-шарасына қаралған – *51 590* мың теңгеден қаржы қысқартылып, «**Бесқару**»- мерекелік іс- шараны өткізуге – *24 800,0* мың теңге қаржы тарту мәселесі қарастырылып, жалпы соммасы *-24 800,0 мың тг. қаражат қажет болып отыр*;

Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш. Ж. Мұқан: С.Е. Лесбаев көтеріп отырған мәселеңіз өте орынды, атап өткен іс-шаралар және қаржылар бойынша тиісті жұмыстар атқарылсын.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ:

1. **Шымкент қаласының мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасы м.у.а (Д.Жүнісов), «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК (м.а. С.Е.Лесбаев) қолданыстағы заңнамаға сәйкес:** ұйымдастырылатын іс-шаралардың уақыт тапшылығына байланысты мемлекеттік сатып алу заңдылығының 39 бабының 3-тармағында 46-тармақшасында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылуын қамтамасыз етілсін.

Орындау мерзімі: қыркүйек 2022 жыл

Осы хаттаманың орындалуы мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы м.у.а. Д.Жүнісовқа жүктелсін.

Қала әкімінің бірінші орынбасары **Ш.Ж. Мұқан**